

ӘОЖ 070 (574)

Н.Б. Есхуатова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: nazim081976@mail.ru

Медиа дизайн негіздері

Бұл мақалада медиадизайн туралы жалпы түсінік беріліп және Қазақстандағы, бүкіл әлемдегі дизайнның, шрифттердің шығу тарихы баяндалған. Медиадизайнның міндеттері және принциптері көрсетілген. Баспасөздің типологиялық белгілері негізгі түрлерге бөлінеді, олар: объективтік, объективтік-субъективтік, субъективтік. Сонымен қатар автор газеттің жалпы архитектурасы туралы сөз қозғайды, бұл – медиадизайн үшін ең маңызды мәселелердің бірі.

Түйін сөздер: медиа дизайн, баспасөздің типтік белгілері, газеттің архитектурасы.

N.B.Eskuatova

Basics of Media Design

This paper presents the general concepts of media design, a brief history of the origin of design and fonts in the world and Kazakhstan. Presented tasks, responsibilities and principles of media design. Typical signs of periodicals, which are divided into basic types: objective, subjective and objective-subjective. The author also writes about the general architecture of the newspaper, which is important for media design periodicals.

Key words: media design, typical signs of periodicals, the architecture of the newspaper.

Н.Б. Есхуатова

Основы медиа дизайна

В данной статье представлены общие понятия о медиадизайне, краткая история происхождения дизайна и шрифтов в мире и Казахстане. Представлены задачи, обязанности и принципы медиа дизайна. Типовые признаки периодической печати, которые делятся на: объективные, объективно-субъективные и субъективные. Также автор пишет об общей архитектуре газеты, что немаловажно для медиа дизайна периодической печати.

Ключевые слова: медиа дизайн, типовые признаки периодической печати, архитектура газеты.

Медиадизайн дегеніміз жалпы айтқанда: жоба, сурет, нобай мағынасын білдіреді [1]. Біздің ойымызша, ол – әсемдік заңына, эргономика және бионика заңдарына негізделіп, формаларды адамның антропометриясына арнап қалыптастыру философиясы. Дизайнның тарихы ХІХ ғасырдың ортасында Лондондағы Дж. Пэкстонның арнайы салған шыны ғимаратында өткен Іхалықаралық өнеркәсіп заттарының формаларын сұрыптауға арналған көрмеден басталды. Осы тұста атақты Джон Рескин мен Уильям Морристің дизайнға арналған ғылыми теориялық және тәжірибелік еңбектері де жарық

көрді. Сонымен қатар 1907 жылы дүниежүзінің жартысынан көбін электр құралдарымен қамтамасыз ететін Германия Электр ассоциациясы шығаратын заттардың әрленуіне бас көз болу үшін әйгілі қол өнер шебері, сәулетші Питер Бернс директор болып тағайындалып, бірінші дизайн маманы және мамандығы пайда болды десек, біздің тұжырымның негізі дұрыс болады. Содан кейін 1918 жылы Германияның әсем өнер ордасы болып саналатын Веймарда атақты «Баухауз» атты дизайнерлердің жоғары мектебі ашылғаннан кейін дизайнерлік білім кең өріс алды. Бірақ осы өнердің тарихын

дүниежүзін елеңдеткен белгілі бір кезеңдермен ғана сабақтастырсақ, тағы қателесуіміз мүмкін.

Баспа ісі Қазақстанға Батыс Еуропадан келді. Орта ғасырларда готикалық шрифтер кең тараған, ал Қазақстанда Ресей (кириллица) шрифтері қолданылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаятының және Дала уалаятының газеттерінде» антиква және азаматтық шрифтер пайдаланылды.

Сонымен қатар қазақ газеттерінде /«Қазақ», «Садақ», «Қазақстан» және т.б./ Ахмед Байтұрсынов енгізген араб графикасы /жадит – қазақтың 9 төл фонемасы ә,қ,ғ,ң,і,ө,ү,ұ,һ/ пайдаланылды оған дейін бүкіл қазақ газет журналдарында араб графикасы /хадис/ пайдаланылды [2].

Медиадизайнның қызметі, міндеттері және принциптері:

– көркемдеу қызметі «қалып» жүйесімен атқарылады;

– «оқырман» жүйесінің бір-бірімен маңызды арақатынасы.

Көркемдеу қызметінің нақтылы түрлері:

– ақпаратты бейнелі түрде көрсету;

– түсіндіру қызметі немесе идеологиялық тұрғыдан көрсету;

– мәдениетті тарату/эстетикалық/;

– релаксациялық /рекреативті/.

Функциялар қажеттілікпен іскерлікпен астаып жатыр.

Әрлендірудің міндеттері:

– материалдардың мағынасын толық ашуға қызмет етеді;

– қабылдауды жеңілдету;

– оқырманның назарын басқару қызметі /назарын басқа жаққа аудару және т.б./.

Түрлерді жасайтын факторлар – барлығы үшеу:

1) ішкі;

2) сыртқы;

3) жекеше.

Кез келген басылым келесі жағдайлардың ықпалымен қалыптасады:

– оқырман аудиториясының ерекшелігіне байланысты;

– құрылтайшының мүмкіндігіне сәйкес;

– баспагердің қызметіне сай.

Егер де газет немесе журнал ықпалдылыққа не тәуелсіздікке таласатын болса, олар, ең алдымен оқырман аудиториясын және басқа

факторларға бет бұрады. Бұл сипатты типті қалыптастыратын факторлар деп атайды.

Мерзімді басылымдардың типті қалыптастыратын белгілері келесі түрлерге бөлінеді:

– объективтік;

– объективтік-субъективтік;

– субъективтік.

Объективтік:

– қоғамдық-экономикалық формацияға байланысты;

– қоғамның түріне байланысты;

– әлеуметтік-экономикалық жағдай және елдегі экономикалық ситуацияға (тарауының аяраылы) байланысты;

– ақпараттық рыноктың конъюктурасына сәйкес;

– оқырман аудиториясының спецификасы немесе ерекшеліктеріне байланысты;

– технологиялық фактор ақпараттық-технологиялардың деңгейі, композициялық және полиграф техникалардың мүмкіндіктеріне сәйкес;

– халықаралық факторлар (басқа елдердің БАҚ-тардың ықпалы).

I. Объективтік-субъективтік:

– мақсатқа байланысты;

– басылымның экономикалық-құқықтық сәйкес моделіне (құрылтайшымен келісімшарттың ерекшеліктеріне сәйкес, редакцияның жарғысына сәйкес және т.б.);

– басылым түріне (қоғам-құқықтық, көңіл көтеретін басылым және т.б.);

– этикалық-мамандық стандарттарға сәйкес;

– ақпарат берудің сипаттамасы (объективтік, субъективтік, баға беру және т.б.).

II Объективтік-субъективтік:

– авторлардың құрамы;

– мақсатты аудиторияға сәйкес;

– ішкі құрылымға байланысты (тақырыптар, мәселелер, айдарлар және т.б.);

– материалдардың жанрлары және оларды беру түрлері;

– жарнаманың берілуі;

– материалдардың жағрафиясына байланысты.

III Объективтік-субъективтік:

– тіл мен стиліне байланысты;

– дизайнның ерекшелігіне сәйкес;

– көлеміне байланысты;

– таралымына байланысты;

– мерзімділігіне байланысты.

Субъективтік:

- менеджерлердің қызметіне сәйкес;
- журналисттердің көрсетуіне байланысты;
- редакторлардың қабілетіне байланысты;
- техникалық қызметкерлердің жұмысына байланысты;

- дизайнерлердің қызметіне байланысты;
- полиграфисттердің білгірлігіне сәйкес;
- тіпті, оқырмандардың (белсенділігі мен шығармашылыққа қатысуы) квалификациясы немесе білімділігінің деңгейі де белгілі рөл атқарады.

Дизайн – ағылшын тілінен аударғанда: – жоба, сызу, ұйғарым, сурет.

Оның мақсаты – оқырманға материалды көрсеткен кезде, оны логикалық байланысты және анық түрде қабылдауын қамтамасыз етуі.

Газеттің архитектурасы:

- газеттің құрылымы, оны безендірудің принциптері, шрифтерін, айдарларын таңдау және т.б. Бұған келесі факторлар жатады:

- газетті безендіру;
- газеттің дизайны;
- «газеттің графикасы».

Газеттің версткасы:

- газеттердің беттерінен терілген жолдардан, тақырыптардан, суреттерден макетке сәйкес құрастырылған технологиялық процесс.

Газеттер мен журналдардың графикасы:

- контурлық сызықтардан, штрихтерден, лактардан, ақ парақтан тұратын сыртқы безендірілу. Бұндай жағдайда қарама-қарсы үйлесімділік болуы шарт.

Композициясы:

- материалдарды біріктіріп құрастыру. Композиция газет пен журналдардың ақпараттың саясатына, түрлеріне, дәстүріне, мазмұнына тікелей байланыста болуы шарт.

Композицияның екі түрі болады: басылымның композициясы және графикалық композиция.

Газет пен журналдың композициялық-графикалық моделі келесі факторлардан тұрады:

- мазмұны мен тақырыптан;
- материалдардың атауынан;
- материалдардың құрылымынан;
- материалды берудің ерекшелігі мен ұйымдастырудың түрінен;
- материалдарды графикалық түрде көрсету.

Газет пен журналдардың бет-бейнелері:

- ішкі және сыртқы белгілері және ерекшеліктері арқылы идеялық және тақырыптық мүмкіндіктерді көрсетіп, газеттің жеке графикалық ерекшелігі анықталады.

Газет пен журналдардың бейнесі:

- безендірушілер мен типографтардың орта шығармашылығы, оның ішінде мазмұны мен ішкі құрылымы. Полиграфиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып графикалық ерекшеліктерді көрсету.

Беделдік пікірге сүйенсек: «дизайнды жасаған кезде міндетті түрде басылымның түрін ескеру керек!» [3]

Газеттер мен журналдардың дизайнерлері жасалынған кезде келесі талаптарды ескеру, басқаларға ұқсамайтын басылымның ерекше бейнесін жасау қажет. Егер де эксклюзивтік дизайн жасаймын десеңіз, онда әдістердің фирмалық банкісін жасау қажет.

Бұл жағдайда келесі факторлар өте маңызды екені есте болуы керек:

1) бәсекелестікке төтеп бере алу;

2) эстетикалық тұрғыдан алғанда нағыз маманның жасаған версткасы мен макетінде газет пен журналдардың беттеріндегі ою өте нәзік және әдемі болып көрінеді.

Бұл жағдайда технологиялық факторлар өте маңызды болып табылады. Қазақстандағы мерзімді басылымдар 1990 жылдардың басынан компьютерлік технологиялық негізінде шыға бастады.

Версткалар редакциялық компьютерлерде жасалынды, ал типографияда басу үшін не пленка (калька), не верстканың файлы (дискеттерге, дискілерге түсіріліп байланыс жүйелерімен) жіберілді.

Электрондық-лазерлық терімдер басылу мүмкіндіктерін жоғарылатты, жеке персоналды компьютерлердің уақыты келді. Жай ғана компьютерлер емес, бүкіл автоматикалық орындарының жүйесі қолданыла бастады. Мысалы: кіргізудің құрылымы автоматтандырылған сканерге қосылған лазерлық принтерлер, байланыс арналарындағы басу құралдары редакцияның бөлмесінде видеотермалдық құрылымы қосылған ЭВМ және лазерлық принтерлері мен қоса орнатылады. Верстка жасау үшін үш клавишті оптикалық манипулятор қойылды, оны электронды «мышь» деп атайды. Бұл сияқты

бағдарлама, А2, А3, А4 форматты беттерде верстка жасау үшін арналған.

Келесі жасалынатын операциялар: ақпаратты енгізу, редакциялау, түзету – оның бәрін оператор дисплейдің экраны арқылы жүзеге асырады. Верстканың бағдарламасы бойын-

ша: мәтінді колонкаларға орналастырады, сызықтарды сызады, әртүрлі геометриялық фигураларды жасайды, олардың үстіне мәтінді орналастырады, жалпы көріністі жасайды және фотосуреттерді әртүрлі конфигурацияда орналастырады.

Әдебиеттер

- 1 Тулупов В.В. Дизайн периодических изданий. – СПб., 2006. – С.17.
- 2 Әбілқасымов В. Алғашқы газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.
- 3 Глазичев В.Л. О дизайне. – М., 1970.

References

- 1 Tulupov V.V. Dizain periodicheskikh izdaniy. – Sankt-Peterburg, 2006.
- 2 Abilkasimov B. Algashki Kazakh gazetterinin tili. – A., 1971.
- 3 Glazichev V.L. O dizaine. – M., 1970.